«Адалдық – адамдықтың белгісі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы

Өткізілген күні: «23» қыркүйек 2024 жыл
Өткізілген орны: «Ақ ниет» балабақшасы
Қатысқандар: балабақша әкімшілігі, педагогтер және ата-аналар
Қатысушылар саны: 24

Күн тәртібі:

1. «Адалдық – адамдықтың белгісі» тақырыбында ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2. Баланың бойында адалдық, жауапкершілік, әділдік қасиеттерін қалыптастырудағы ата-ананың рөлі.
3. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері.

Тыңдалды:
Жиналыста балабақша меңгерушісі Н.Джубаниязова сөз сөйлеп, **«Адалдық – адамдықтың белгісі»** тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді.
Өз сөзінде адалдықтың адам бойындағы маңызды адамгершілік қасиеттердің бірі екендігі атап өтілді. Ата-аналарға бала тәрбиесінде адалдық пен әділдік қағидаттарын күнделікті өмірде үлгі арқылы көрсету қажеттігі түсіндірілді. Баланың кішкентай кезінен бастап шындықты айтуға, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға, өзгелердің еңбегін құрметтеуге және әділ болуға тәрбиелеудің маңыздылығы айтылды.
Сонымен қатар ата-аналарға сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау, заңсыз сыйлықтар мен материалдық ынталандыруға жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру жөнінде ақпарат берілді.

Пікір алмасу:
Жиналыс барысында ата-аналар бала тәрбиесінде адалдық құндылықтарын қалыптастырудың тиімді жолдары туралы өз пікірлерін білдірді.
Ата-аналар тарапынан баланың тәрбиесіне отбасы мен балабақшаның бірлескен ықпалы, педагог пен ата-ана арасындағы өзара сенім мен жауапкершіліктің маңыздылығы атап өтілді.

Қаулы:

1.Балалардың бойында адалдық, әділдік, жауапкершілік және өзара құрмет қасиеттерін қалыптастыру бойынша тәрбие жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.
2.Ата-аналарға бала тәрбиесінде жеке үлгі көрсету қажеттігін түсіндіру.
3.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және құқықтық сауаттылықты арттыру бағытындағы түсіндіру жұмыстарын жалғастыру.

4.Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Төраға:  **Н.Джубаниязова**

Хатшы: **А.О.Сихова**